

**«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасы
Мүшелерінің Жалпы жиналысының
2022 жылғы 25 ақпандағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»**



**«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION»
ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНА
МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТОҚТАТУ
ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасына (бұдан әрі – Палата) Мүшелікті тоқтата тұру және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Палатаның қызметін реттейтін басқа да ішкі құжаттарға сәйкес өзірленді.
- 1.2 Нұсқаулық Палатаға мүшелікті тоқтата тұру мен қалпына келтірудің және осыған байланысты процеске қатысушылардың өзара іс-қимылының бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатымен өзірленді.
- 1.3 Нұсқаулықты орындау шеңберінде келесі деректер маңызды:
 - 1.3.1 Нұсқаулықпен бекітілген нысанда рәсімделіп, қажетті құжаттар қоса тіркелген Палата мүшесінің өтініші;
 - 1.3.2 Палата Басқармасының мүшелікті тоқтата тұру және қалпына келтіру туралы бұйрығы немесе тоқтата тұру мен қалпына келтіруден дәлелді бас тартуы.

2 Мүшелікті тоқтата тұру негіздері

- 2.1 Палатаның мүшесі болып табылатын тиісті тұлғаға қатысты Палатаға мүшелікті төмендегі негізде тоқтата тұруға болады:
 - 2.1.1 жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыруына кедергі болатын негізді себептері (жүктілігіне немесе бала күтіміне байланысты демалыста болу, жұмыс істеу, оқу, емделу үшін Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерге ұзақ уақытқа кету, екі айдан астам уақытқа жалғасқан науқастану және басқа себептер) болған жағдайда Палата мүшесінің мүшелікті тоқтата тұру туралы өтініші.
 - 2.1.2 Палатаның мүшесі мүшелік жарна төлеуді 6 (алты) айдан астам мерзімге кешіктірген және жарнаны бөліп төлеу туралы келісім рәсімдеуге бастамашылық жасамаған жағдайда - Палата Басқармасының бұйрығымен.

3 Мүшелікті тоқтата тұрудың және қалпына келтірудің тәртібі

- 3.1 Палатаның мүшесі Нұсқаулықта және Палатаның Жарғысында көрсетілген негіздер болған жағдайда Палатаның Атқарушы органына жолдаған жазбаша өтінішінің негізінде Палатаға мүшелігін кез келген уақытта тоқтата тұруға құқылы. Өтініш нысаны еркін.
- 3.2 Мүшелікті тоқтата тұру туралы өтінішке мүшелікті тоқтата тұруға негіздер бар екенін растайтын құжаттарды қоса тіркеу қажет, атап айтқанда бұл:
 - 3.2.1 жүктілік жағдайында екенін растайтын медициналық анықтама;
 - 3.2.2 үш жасқа толмаған балаға күтім жасауға байланысты демалыстың өзектілігін растайтын баланың тууы туралы куәлігі;
 - 3.2.3 емдеуге және сауықтыруға бағытталған ұзақ мерзімді медициналық немесе оңалту процедураларын растайтын, емдеуші дәрігер қол қойған науқастық парағы немесе басқа құжаттар;
 - 3.2.4 оқу үшін немесе қызмет бабымен Қазақстан Республикасынан тыс жерге ұзақ мерзімге кетуін растайтын жұмыс немесе оқу визасы;
 - 3.2.5 кәсіпкерлік қызметті тоқтата тұрғанын растайтын ҚР МҚД берген үзінді көшірме;

- 3.2.6 жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруына кедергі бар екенін растайтын басқа да құжаттар.
- 3.3 Палатаға мүшелікті тоқтата тұру Палатаның Атқарушы органының шешімімен мүшелікті тоқтата тұру туралы бұйрық шығару жолымен бекітіледі.
- 3.4 Мүшелігін тоқтата тұрған Палатаның мүшесін Палатаның Атқарушы органы Мүшелігін тоқтата тұрған тұлғалардың тізіліміне енгізеді.
- 3.5 Атқарушы орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Палатаға мүшелігінің тоқтатыла тұрғаны туралы мүшелігін тоқтатқан адамдардың тізімін қоса тіркеп хабарлайды. Хабарлаудың кезеңділігі – тоқсан сайын.
- 3.6 Мүшелікті тоқтата тұру кезеңінде мүшелік жарнаның мөлшері және оны төлеу тәртібі қолданыстағы заңнамаға және Палатаның Жарғысына сәйкес айқындалады;
- 3.7 Палатаға мүшелігін тоқтата тұрудың өзектілігі тиісті құжатпен расталмаған жағдайда Палатаның мүшесі мүшелік жарнаны төлейді және мүшелігін жалғастырады;
- 3.8 Заң көмегін көрсету бойынша кәсіптік қызметті жүзеге асыруды қайта бастаған жағдайда Палатаның мүшесі Палатаның Атқарушы органына мүшелікті қалпына келтіру туралы өтініш беруге және жарна мөлшерін есептеуді Палатаның Атқарушы органымен келісе отырып, тиісті кезеңнің мүшелік жарнасын төлеуге міндетті.
- 3.9 Палатаға мүшелікті қалпына келтіру Палатаның Атқарушы органының шешімімен мүшелікті қалпына келтіру туралы бұйрық шығару жолымен бекітіледі.
- 3.10 Мүшелік бір жылдың ішінде қалпына келтірілген жағдайда мүшелік жарнаның мөлшері ағымдағы күнтізбелік жылдың аяғына дейін қалған толық айлардың санына негізделіп есептеледі.

4 Есеп-қисап

- 4.1 Палатаның Атқарушы органы Палатаға мүшелікті тоқтата тұруға өтінім берген тұлғалардың есебін жүргізеді.
- 4.2 Палатаға мүшелікті тоқтата тұру туралы өтінішті талдау және бұйрық шығару үшін Палатаның Басқармасына осы Нұсқаулықтың талаптарын қанағаттандыратын өтініштер беріледі.
- 4.3 Палатаға мүшелікті тоқтата тұру туралы бұйрықты дайындағаннан кейін Атқарушы орган мүшелікті тоқтата тұрған тұлғаларды көрсете отырып Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне хабарлама дайындайды.
- 4.4 Жыл сайын Палатаның Атқарушы органы мүшелігін тоқтатқан мүшелердің тізімін Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссияға талдауға жіберу арқылы өзекті етеді.
- 4.5 Палата мүшелерінің қызметін бақылау жөніндегі комиссия жыл сайын мүшелікті тоқтата тұрудың өзектілігін растайтын құжатқа жазбаша сұрау салуды жіберу арқылы мүшелікті тоқтата тұрудың өзектілігін тексереді.